

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И  
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

MINISTRY OF SCIENCE  
AND HIGHER EDUCATION  
OF THE REPUBLIC  
KAZAKHSTAN



SOUTH KAZAKHSTAN STATE  
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

Оңтүстік Қазақстан  
Мемлекеттік  
Педагогикалық  
Университеті

Южно-Казакстанский  
Государственный  
Педагогический  
Университет

SOUTH KAZAKHSTAN  
STATE PEDAGOGICAL  
UNIVERSITY

Оңтүстік Қазақстан  
Мемлекеттік педагогикалық  
университетінің Басқарма  
төрағасы-Ректор

Председатель Правления-Ректор  
Южно-Казакстанского  
государственного  
педагогического университета

Chairman of the Board-Rector  
of the South Kazakhstan State  
Pedagogical University



Г.Д.Сугирбаева

Хаттама № 1 «31.08» 2022 ж.    Протокол № 1 «31.08» 2022г.    Protocol № 1 «31.08» 2022y.

БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ

7M01406 КӘСІПТІК ОҚЫТУ  
ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ПРОГРАММА

7M01406 ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГА  
ПО ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ  
ОБУЧЕНИЮ

EDUCATIONAL  
PROGRAM

7M01406 TEACHER TRAINING OF  
VOCATIONAL TRAINING

Шымкент 2022

## 7М01406 КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

<b>Білім беру саласының коды және атауы:</b>	7М01 Педагогикалық ғылымдар
<b>Даярлау бағытының коды және атауы:</b>	7М014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау
<b>Берілетін дәрежесі:</b>	7М01406 – «Кәсіптік оқыту педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
<b>Бағдарламаның типі:</b>	Магистратура, 7 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ
<b>Жалпы кредит көлемі:</b>	120 академиялық кредит

Білім беру бағдарламасы Өнер және білім факультетінің кеңесінде қаралып Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

*Хаттама № 1 \_\_\_\_\_ «27.08» 2022ж.*

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Басқармаға бекітілуге ұсынылды

*Хаттама № 1 \_\_\_\_\_ «31.08» 2022ж.*

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

*Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» 2022ж.*

**Келісілген:**

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректоры

А.А. Кудышева

Басқарма мүшесі- Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор м.а.

Б.С.Уалиханова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы

Д.Т. Бердалиев

«Өнер және білім» факультетінің деканы

А.Е. Байбатшаева

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры


А.Н.Жылысбаева

Жұмабек Ташенов атындағы университеті Ғылым және зерттеу жұмыстары жөніндегі проректор



Ш. Ж.Арзымбетова

Орталық Азия инновациялық университетінің ҒЗЖ проректоры



Ж.С. Қазанбаева

Шымкент университетінің Оқу және әдістемелік істері жөніндегі проректоры



А.Керимбекова

«Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚМ директоры Шымкент қ.



Г.Ж.Тагаева

Шымкент қаласы, Ә.Қастеев атындағы «Өнер және дизайн» колледж директоры



Д.А.Айдарбеков

**Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы**

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Небесаева Жанар Орынбековна	ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі философия докторы PhD, доцент м.а.	87013770765
2	Узахова Айнакүл Сламовна	ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.к., аға оқытушысы	87716120567
3	Байбатшаева Айдайқыз Еркінбековна	«Өнер және білім» факультетінің деканы п.ғ.к., доцент м.а	87014034809
4	Пошаев Данебек Қолдасович	ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессор м.а., п.ғ.к.	87016493925
5	Битемирова Шолпан Абутовақызы	ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының аға оқытушысы	87754597790
6	Мыңбаева Надира Камзабекқызы	ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының аға оқытушысы	87711412336
7	Сапарбаева Улданай Алибековна	Жұмабек Тәшенов атындағы Университет, аға оқытушы	8 707 327 8601
8	Жузеева Күнсұлу Ергешовна	Орталық Азия Инновациялық Университеті, аға оқытушы	87012969230
9	Утебаева Алия Тулкибаевна	п.ғ.к., Шымкент университеті	87026582145
10	Бекенова Меруерт Гаухаровна	Арнайы пән оқытушысы, "Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі" МКҚМ, Шымкент қ.	87751678881
11	Асаева Камиля Талгатовна	Магистр оқытушы, Ә.Қастеев атындағы "Өнер және дизайн" колледж, Шымкент қаласы	87073289077

**Сарапшылар**

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Омер Займоглу	Түркия Республикасы, Анталия қаласы, Акдениз университеті, Бейнелеу өнері факультеті, Анталия дәстүрлі түрік қолөнер қалашығы	+90 532 359 25 80
2	Ортаев Бақтияр Тұрсынбайұлы	Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ гуманитарлық ғылымдар факультеті, педагогикалық ғылымдар кафедрасының меңгерушісі доценті п.ғ.д., Түркістан қ.	87759567169
3	Жаскиленова Айнур Ермекқызы	Тараз мемлекеттік педагогикалық университет, «Кәсіптік оқыту және дизайн» кафедра меңгеруші Тараз қ.	87013180518

## Мазмұны

Кіріспе.....	6
<b>1 Білім беру бағдарламасының паспорты.....</b>	<b>7</b>
1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы.....	7
1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары.....	7
1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері.....	7
1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері.....	7
<b>2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі.....</b>	<b>7</b>
<b>3 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары.....</b>	<b>8</b>
3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....	8
3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары.....	8
<b>4 Бітірушінің құзыреттілік моделі.....</b>	<b>9</b>
<b>5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері.....</b>	<b>9</b>
<b>6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты.....</b>	<b>9</b>
<b>7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері....</b>	<b>10</b>
<b>8. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы.....</b>	<b>11</b>
<b>9. Білім беру бағдарламасының мазмұны.....</b>	<b>16</b>
9.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттіліктерге сәйкестігі.....	16
9.2. Модульдер туралы мәліметтер.....	17
9.3. Пәндер туралы мәліметтер.....	20
9.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары.....	26

## КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламасы университеттің білім беру мақсаты мен құндылықтарының негізінде бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағлұматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің құзыреттілік моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасы Жоғары Білім берудің Еуропалық Кеңістігінің Біліктілік Аясының 2 циклімен (A Framework for Qualifications of the European Higher Education Area) келісілген екінші деңгейлі Дублин дескрипторларын, өмір бойы білім беруге арналған Еуропалық біліктілік шеңберінің 7 деңгейін (The European Qualifications Framework for Lifelong Learning) және салалық біліктілік шеңберін, педагогтың кәсіби стандартын, өңірлік еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік аясының 7 деңгейіне сәйкес әзірленген.

Білім беру бағдарламасы:

- университеттің білім берудегі саясатын іске асыруға;
- білім беру процесін қазақ, орыс және ағылшын тілінде ұйымдастыру арқылы үштұғырлы білім беруді іске асыруға;
- құзыреттілік көзқарас негізінде оқыту процесінің сапасын арттыруға;
- білім алушылардың өмір бойы оқуға дайын болуына мән беруге;
- білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға, креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы:

- Элективті пәндер каталогын (ЭПК);
- Оқу процесінің академиялық күнтізбесін;
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ);
- Оқу жұмыс жоспарын (ОЖЖ);
- Пәндердің оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус);
- Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін;
- пәндер бойынша күтілетін оқу нәтижелерін;
- білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін;
- кәсіптік практиканы ұйымдастырудың құжаттарын және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да құжаттарды дайындауға негіз болады.

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

### 1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

7M01406 – «Кәсіптік оқыту педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі өзінің кәсіби қызметін білім беру және ғылыми-зерттеу салаларында атқарады.

### 1.2. Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

- жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен жобалау-құрастырушы ұйымдар;
- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары;
- негізгі, бейіндік және кәсіптік мектептер;
- педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мекемелер (институт, орталық, ұйымдар);
- кәсіптік білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

### 1.3. Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік;
- ұйымдастыру-басқару.

### 1.4. Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

#### **Оқытушылық:**

- білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау;
- жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында педагог қызметін атқару;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- кәсіптік қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану.

#### **Тәрбиелік:**

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- ұйымда жұмыс істейтін әріптестермен және білім алушылармен, серіктестермен сыйластық, ашықтық және өзара түсіністік қағидалары негізінде жақсы қарым-қатынас орнату.

#### **Әдістемелік:**

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;

- оқыту процесінде жаңа педагогикалық және IT - технологияларды қолдану;

#### ***Зерттеушілік:***

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- ғылым, білім саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жинақтау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- жаңа жағдайларда зерттеу мәселелерін шешу үшін әр түрлі пәндер аясында алынған білімді интеграциялау;
- кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізу және орындау мониторингтік зерттеулер жүргізу арқылы білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

#### ***Әлеуметтік коммуникативтік:***

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету;
- кәсіби қарым-қатынасты және мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру.

#### ***Ұйымдастыру-басқару:***

- ұйымның стратегиялық басқаруын ұйымдастыру, инновациялық менеджмент, көшбасшылық теориясы негіздерін меңгеру;
- әр түрлі деңгейде оқу-білім беру үдерісін ұйымдастыру әдістерін анықтау және мазмұнын жоспарлау;
- кәсіпорындардың экономикалық қызметін ұйымдастыру және басқарудағы практикалық проблемаларды шешу;
- түрлі ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік байланыстарды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнама нормаларын практикада қолдану

## **2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 7M01406 – «Кәсіптік оқыту педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтың кәсіби стандартына, сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

ББ қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

ББ білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, түлектердің дайындық бағыты мен бейіні бойынша дайындық сапасын бағалауды реттейді.

## **3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

### ***3.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері***

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.



Білім беру бағдарламасының *мақсаты*:

**ББ мақсаты:** Еңбек нарығы талаптарына сай жалпымәдени және кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан Кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласындағы бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

**Білім беру бағдарламасының міндеттері:**

- Білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- жоғары білімді мамандардың іргелі теориялық және әдістемелік дайындығын қамтамасыз ету;
- шетел тілі және функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

### **3.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары**

Білім беру бағдарламасының мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- ❖ құрмет;
- ❖ ынтымақтастық;
- ❖ ашықтық.

## **4. БІТІРУШІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ**

Жалпымәдени және кәсіби құзыреттіліктердің негізінде анықталған, бітірушінің құзыреттілік моделін құрайтын түйінді құзыреттіліктер:

- **Мәдениеттілік құзыреттілік:** азаматтық және адамгершілік тұрғыда жеке тұлға үшін маңызды мәселелерді талдауда өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре алады (ТҚ1).
- **Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік:** функционалдық сауаттылық негізінде барлық мүдделі тараптардың талаптарына сәйкес топта жұмыс істей отырып, қоғамды жаңартуда белсенділік танытады (ТҚ2).
- **Ұйымдастырушы-әдістемелік құзыреттілік:** инновациялық технологияларды қолдануда, қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда және кешенді проблемаларды шешуде сыни ойлау мен креативтілік танытады (ТҚ3).
- **Зерттеушілік құзыреттілік:** Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру арқылы орындау кезеңдеріне сәйкес алынған нәтижелерді дәйектейді (ТҚ4).
- **Пәндік құзыреттілік:** пәндік саланы терең игереді, өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып бағалайды, заманауи зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады (ТҚ5).
- **Дамытушы құзыреттілік:** кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып, өмір бойы оқуға дайын болады (ТҚ6).

## 5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім беру бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін бітіруші келесі қабілеттерге ие болуы тиіс:

**ON1** – зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және қолдану кезінде кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласындағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді, зерттеу әдістерін игеруді көрсетеді;

**ON2** – барынша кең пәнаралық контексте стандартты емес жағдайларда өз білімін, түсінігі мен шығармашылық қабілетін пайдаланады;

**ON3** – әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, өз пікірін қалыптастыруда ақпараттық мәдениетін, шетел тілін меңгеруін көрсетеді;

**ON4** – идеяны, қорытындылар мен проблема шешімдерін көпшілік алдында нақты және тиянақты хабарлауды ұйымдастырады;

**ON5** – кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласында одан әрі оқуды жалғастыру үшін пәндік білімдерін интергациялай біледі.

### Бағдарлама оқу нәтижелерін Дублин дискрипторларымен сәйкестендіру

<i>Дублин дескрипторлары (кілт сөздері)</i>	<i>ББ оқу нәтижелері</i>	<i>Құзыреттілік</i>
<b>Білім және түсіну</b>	Зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және қолдану кезінде кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласындағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді, зерттеу әдістерін игеруді көрсетеді;	<b>Білімді кеңейту</b>
<b>Білімді және түсінікті қолдану</b>	Барынша кең пәнаралық контексте стандартты емес жағдайларда өз білімін, түсінігі мен шығармашылық қабілетін пайдаланады;	<b>Білімді тереңдету</b>
<b>Пікірлерді білдіру</b>	әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, өз пікірін қалыптастыруда ақпараттық мәдениетін, шетел тілін меңгеруін көрсетеді;	<b>Жүйелік</b>
<b>Коммуникативтік қабілеті</b>	Идеяны, қорытындылар мен проблема шешімдерін көпшілік алдында нақты және тиянақты хабарлауды ұйымдастырады;	<b>Коммуникатив-тілік</b>
<b>Оқуға қабілеті/ Оқу дағдылары</b>	Кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласында одан әрі оқуды жалғастыру үшін пәндік білімдерін интергациялай біледі.	<b>Жүйелік</b>

### 6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері бойынша (ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) критериальды бағалау технологиясы қолданылады. Бағалау әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

*Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі*

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін ағымдық бақылау ағымдық бақылау бір семестрде 5 апталық аралыққа бөлінген 3 рет қорытындыланады. Әрбір ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ (СОӨЖ/СӨЖ) және т.б. сабақтарында бағалайды, жиынтық балл әр бақылау аптасында Univer жүйесінде автоматты түрде шығады.

Семестрдегі қорытынды рейтинг балы 3 қорытынды бақылау апталарындағы жиынтық балдардың әрқайсысының 20%-ының қосындысынан тұрады. Бұл білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды емтиханнан жинайды.

Емтиханға білім алушы ағымдық бақылаудан кем дегенде 30 балл (өту балы  $0,2*(AB1+AB2+AB3) \geq 30$  балл) жинағанда ғана жіберіледі.

**Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:**

Ағымдық бақылау1 (AB1)  $\leq 100$

Ағымдық бақылау2 (AB2)  $\leq 100$

Ағымдық бақылау3 (AB3)  $\leq 100$

Емтихан (E)  $\leq 100$

**Қорытынды бағалау (ҚБ) =  $0,2*(AB1+AB2+AB3)+0,4*E$**

#### 7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

*Білім беру процесін ұйымдастырудың міндеттері:*

- білім көлемін бірегейлендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарының тиімділігін күшейту;
- білім алушының оқу жетістіктерін тиімді әрі ашық бақылау негізінде айқындау.

*Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берілетін мүмкіндіктер:*

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;
- білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету;
- элективті пәндер каталогіндегі пәндерді және модульдерді таңдау;

- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдауы;
- эдвайзерлердің көмегімен білім алушылардың білім траекториясын таңдауы;
- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда академиялық еркіндік;
- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;
- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

*Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:*

- ❖ білім алушы оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын рефлексивті көзқарасқа негізделген оқыту әдісі;
- ❖ біліктілікке бағытталған оқыту;
- ❖ әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;
- ❖ кейс-стади;
- ❖ жобалар әдісі және т.б.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялардың түрлерін оқытушы өзі таңдайды.

Білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған сапаны іштей қамтамасыз ету жүйесі:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- білім алушыларға бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

### **КӘСІПТІК ПРАКТИКА**

Ғылыми және педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы магистранттардың практикалық даярлауды (педагогикалық және зерттеу практикаларды, сондай-ақ кәсіби (ғылыми) тағылымдаманы) көздейді.

#### **Педагогикалық практика**

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының жалпы мақсаттарына сәйкес магистранттардың педагогикалық практикасының мақсаты кәсіби-педагогикалық қызметтің практикалық білік пен дағдыларды ала отырып, оқу орнында (оның ішінде жоғары мектебі) педагогикалық еңбекке мотивацияны нығайту болып табылады.

*Құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар* (педагогикалық практика):

- 1) маманның:
  - психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістері туралы;
  - психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жобалау және жүргізудің теориялық негіздері туралы түсінігі болуы тиіс;
- 2) маман:
  - білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызмет негіздерін және, неғұрлым тәжірибелі әріптестерден кеңес ала отырып, қолдану;
  - білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру принциптерін және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістерін білуі тиіс;
- 3) маман:
  - нақты кәсіби жағдайларда тұлғалық таңдауды жүзеге асыруды;

- неғұрлым тәжірибелі әріптестерден кеңес ала отырып, білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызметін жүзеге асыруды;
- оқу-тәрбиелік мақсаттарды, сабақ түрлерін анықтай білу, білім алушылардың оқу қызметін әр түрлі ұйымдастыру түрлерін пайдалану; оқу қызметінің тиімділігін бағалау, бақылау түрін таңдау және диагностикалауды қолдана білуі тиіс;

4) маман:

- ғылыми-зерттеу қызмет нәтижелерін бағалау және ұйымдастыру әдістері мен технологияларын;
- білім беру бағдарламаларының іске асыру дағдыларын;
- ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарының негіздерін: дағдыларын құрылымдау және ғылыми білімнің оқу материалына психологиялық тұрғыдан сауатты түрлендіру, оқу және тәрбие міндеттерін жүйелеуді;
- есептерді, жаттығуларды, түрлі тақырыптар бойынша тестілерді жасау әдістері мен тәсілдерін, пәндік материалдарды ауызша және жазбаша баяндауды, түрлі білім беру технологияларын меңгеруі тиіс.

#### ***Практика қорытындысы бойынша есеп:***

Педагогикалық практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп, күнделік және практика жетекшісінің практикадан өту туралы пікірі негізінде жүргізіледі. Практика жетекшісі пікірінде педагогикалық қызметінің дағдылар қалыптасуын, орындалатын жұмысына, практикасына жауапкершілігін бағалайды (жауапкершілігін дәрежесі, дербестігін, шығармашылығын, қызығушылығын және т. б.). Есеп практика кезінде нақты орындалған жұмыстар бойынша мәліметтерді қамтуы тиіс.

#### **Зерттеу практикасы**

Магистранттың зерттеу практикасының отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін практикада қолдану, диссертациялық зерттеудегі эксперименттік деректерді өңдеу мен интерпретациялау дағдыларын бекіту мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу практикалардың мазмұны диссертацияның тақырыбымен анықталады.

Зерттеу практикасын өту барысында магистрант өз бетінше 4-5 реферат (әрбір көлемі кемінде 50-бет) дайындау қажет. Есеп келесі мәселелерді қамтуы тиіс:

- отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық жетістіктерін;
- отандық және шетелдік ғылымның жаңа әдіснамалық жетістіктерін;
- отандық және шетелдік ғылымның технологиялық (инновациялық) жетістіктерін;
- ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану, эксперименттік деректерді компьютерных технологияларды қолдана отырып өңдеу мен интерпретациялауды.

#### ***Құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар*** (зерттеу практика):

1) маманның:

- озық ғылыми әдістерінің және оларды педагогикалық проблемаларды зерттеу кезінде қажетті деңгейде пайдаланудың мүмкіндіктері туралы;
- ғылыми-зерттеу, инновациялық қызмет саласындағы Кәсіптік оқыту педагогін даярлау туралы түсінігі болуы тиіс;

2) маман:

- бастапқы алғышарттар тұжырымын, бастапқы тұжырымдамасын, зерттеу тақырыптын таңдау негізін, мақсаттары мен негізгі міндеттерін; әдеби іздеу әдістерін, жарияланған зерттеудегі мәселе бойынша деректерді жинақтау және жүйелеу, сондай-ақ оларды конспектілеу, қысқаша мазмұн жасау және мәселелерді ғылыми жетекшісімен талқылауды;

- білім беру үрдістерін қазіргі жағдайы мен даму болашағын, Кәсіптік оқыту педагогін даярлау мекемесінің қызметінің ерекшеліктерін;

- педагогикалық үрдістердің зерттеу әдістерін;
- ғылым мен оқыту технологияларының жетістіктерін, кәсіби білім беру саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибелерді білуі тиіс.

3) маман:

- ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметі барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдау мен шешуді, сонымен қатар қажет ететін тереңдетілген кәсіби білімін пайдалануды;

- нақты зерттеу міндетерін негізге ала отырып, қажетті зерттеу әдістерін, қолданыста бар әдістерді модификациялау және жаңа әдістерін әзірлеу таңдай білу;

- әдебиеттегі деректерді ескере отырып алынған эксперименттік нәтижелерін өңдеуді, талдауды және ұғынуды;

- қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың көмегімен библиографиялық жұмыстарды жүргізуді;

- қазіргі заманғы редакциялау мен баспаны тарта отырып қойылатын талаптарға сәйкес орындалған жұмыстар қорытындысын есеп, реферат, мақала түрінде беруді;

- пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін жасауды;

- оқу сабақтарының барлық түрлерін тиімді ұйымдастыруды меңгеруі тиіс;

4) маман:

- ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу;

- ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін шетел тілін қажетті көлемде меңгере отырып пайдалану дағдыларын меңгеруі тиіс;

5) ғылыми қызметін жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүргізуге құзыретті болуы тиіс.

#### ***Практика қорытындысы бойынша есеп:***

Зерттеу практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп, күнделік және практика жетекшісінің практикадан өту туралы пікірі негізінде жүргізіледі. Практиканың бастапқы кезеңде ғылыми жетекшісі өз пікірінде зерттеу қызметінің дағдылар қалыптасуын, орындалатын жұмысына, практикасына жауапкершілігін бағалайды (жауапкершілігін дәрежесі, дербестігін, шығармашылығын, қызығушылығын және т. б.).

#### ***Практика қорытындысы бойынша аттестаттау***

Кәсіби практика қорытындысы бойынша кафедрада (ғылыми семинарда) бір немесе бір бағыттағы мамандықтың барлық магистранттар есептерінің қорғауы жүргізіледі.

Кәсіби практикалардың қорытынды бағасы қорғау нәтижелері бойынша қойылады.

Практика жетекшісі магистранттың есебіне қарап, практика өту сапасына қорытынды шығарады және бағаны дифференциалды сынақ түрінде қояды.

Практика бойынша бағасы емтихан ведомосына және АБК "Универ 2,0" енгізіледі, теориялық оқытудағы бағалауына теңестіріледі және магистраттардың жалпы үлгерім қорытындысын шығару кезінде және тиісті семестрге стипендия тағайындау ескеріледі.

#### ***Магистрант-практиканттың жүргізген практика сапасын бағалау критерийлері:***

i. Жүргізілген практиканың жалпы бағасы практикаға қойылатын балдардың арифметикалық ортасынан шығарылады.

ii. Егер орташа балл барлық позициялар бойынша:

3,5 болса, онда жалпы қорытынды: жүргізілген практика ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес емес;

3,5 - 3,9 арасында болса, онда жалпы қорытынды: ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жүргізілген практика қанағаттандырады;

4,0 - 4,5 арасында болса, онда жалпы қорытынды: ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жүргізілген практика толық көлемінде қанағаттандырады;

4,6 - 5,0 арасында болса, онда жалпы қорытынды: жүргізілген практика біліктілікке және ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сай болып табылады.

### 8. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы

Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы білім беру бағдарламасының құрамында магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы белгіленген.

МҒЗЖ қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік диссертацияның қорғалатын мамандықтың негізгі проблемасына сәйкес келуі;
- 2) өзекті болып, ғылыми жаңалықты және практикалық маңызды қамтамасыз ету;
- 3) ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;
- 4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындау;
- 5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;
- 6) тиісті білім саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге енгізу.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі өтілуіне қарай әрбір академиялық кезеңнің соңында магистранттың есебі түрінде ресімделеді. Жүргізілген МҒЗЖ қорытындысы бойынша кафедрада (ғылыми семинарда) бір немесе бір бағыттағы мамандықтың барлық магистранттар есептерін қорғайды.

МҒЗЖ шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті қызмет салалары бойынша ұйымдарда міндетті түрде **ғылыми тағылымдамадан** өту қарастырылады.

Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының ең соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (магистрлік жоба) болып табылады.

### 9. Білім беру бағдарламасының мазмұны

9.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттіліктерге сәйкестігі

Білім беру бағдарламасы бойынша анықталған оқу нәтижелері білім алушының бағдарламаны аяқтағаннан кейінгі қалыптастырылатын құзыреттіліктерін анықтайды.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін қалыптасатын құзыреттіліктермен байланыстыру матрицасы

ТҚ \ ON	ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5
ТҚ 1		+	+		
ТҚ 2	+		+		
ТҚ 3	+	+			
ТҚ 4	+		+	+	
ТҚ 5	+	+			+
ТҚ 6				+	+

## 9.2 Модульдер туралы мәліметтер

№	Модульдің атауы	Модульдің құрамы	Модульдің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Модульдің оқу нәтижелері	Циклі	Кредит саны	Құзыреттіліктері, ББ-ның оқу нәтижелері
1	Кәсіби-гуманитарлық пәндер (KGP01)	Ғылым тарихы мен философиясы	Модуль болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және моральдық ұстанымын қалыптастыруға, педагогиканың өзекті мәселелері мен методология негіздері жайлы білімдерін дамытуға бағытталған. Қазақстандық қоғамды жаңғыртуға белсенді қатысатын, қазақ, орыс және шет тілдерінде ойын еркін жеткізетін, педагогикалық-психологиялық білімдермен қаруланған бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлау жолдары қарастырылады.	<b>MON1</b> – ғылыми-философиялық және педагогика-психологиялық білімін, түсінігін көрсете білу; <b>MON2</b> – өз пікірін қалыптастыру мен жеткізуде шетел тілін пайдалану; <b>MON3</b> – зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында нақты және тиянақты хабарлауды ұйымдастыру;	БП	20	ТҚ 1,2,3 ON 1,3,4
Шет тілі (кәсіби)							
Жоғары мектептің педагогикасы							
Басқару психологиясы Педагогикалық практика							
2	Ғылыми-әдістемелік дайындық (GAD02)	1. Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері 2. Тәжірибелік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері	Модуль болашақ маманның кәсіби педагогикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру, мәліметтерді статистикалық өңдеу, ғылыми жұмыстары нәтижелеріне қатысты ғылыми баяндамалар жасау, төл оқулықтың тілімізді ғылыми тілге айналдырудағы рөлі, ұғымдар мен терминдерді қалыптастырудағы ұстанымдар мен критерийлер, оқулықтарының мазмұны, құрылымы қолданылуы және олардың өзіне тән ерекшеліктерін талдауға, білім	<b>MON1</b> – кәсіби педагогика ғылымы жайлы теориялық білімдерін, түсініктерді, тәжірибе жүргізу және зерттеу әдістерін игереді; <b>MON2</b> – оқулықтар мазмұнын талдау, сараптау нәтижелерін практикада қолданады; <b>MON3</b> – заманауи шығармашылық жобаларды ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін интерпретациялайды.	БП	15	ТҚ 2,3,4,5 ON 1,3,4,5
1. Кәсіптік мектеп оқулықтарын құрылымдаудың дидактикалық негіздері 2. Кәсіби саланың элективті курстарын жобалау проблемалары							
1. Білім алушылардың шығармашылық жобаларын ұйымдастыру әдістемесі							



		2. Жоғары мектепте кәсіпке оқыту әдістемесі	алушылардың шығармашылық жоба жұмыстарының логикалық құрылымына сай оқыту әдістерін таңдауға бағытталған. Ғылымның даму сатылары, ғылыми-тәжірибе жүргізу әдістері, кезеңдері, жоспарлары, факторларды таңдау орны мен рөлі қарастырады.				
3	Кәсіптік оқыту педагогін даярлау үдерісін ғылыми-әдіснамалық негіздері (КОУГАН03)	Жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздері	Модуль болашақ маманның жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздері мен заңдылықтары, оқытудың тұлғаға – бағдарланған және күзіреттілік тәсілдерінің тұжырымдамаларының оқуды өз бетінше жалғастыру үшін жаңаша түрткі болуын түсінуіне, кәсіптік білім берудің заманауи педагогикалық парадигмалар жүйесін, контекстік оқытудың, принциптері, түрлері, формалары және әдістерін, педагогтың шеберлігі, зияткерлігі, өзін-өзі және кәсіби тұлғалық дамуын басқаруы, интегративті шығармашылық тұрғысында өзін-өзі дамытуына, Кәсіптік оқыту педагогін даярлау жүйесіндегі оқу үдерісін гуманизациялаудың тиімділігін түсінуіне бағытталған.	<b>MON1</b> – жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми - әдіснамалық негіздерін зерттеуде кәсіби білімдер мен түсініктерді көрсетеді; <b>MON2</b> – жаңа педагогикалық тұжырымдамалардың Кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласындағы мәнін түсінеді; <b>MON3</b> – педагогтың шеберлігін, зияткерлігін, кәсіби тұлғалық дамуын түсінеді; <b>MON 4</b> - ғылыми парадигмалар өзгерістеріне сәйкес, кәсіптік білім беру үдерісінің даму ерекшеліктерін талдайды; <b>MON 5</b> - кәсіптік білім берудің басқа пәндермен интегративтік байланысын және гуманизациялауды сыни бағалайды.	БДП	22	ТҚ1,3, 4,5,6 ОН 1,2, 3,4,5
Ғылыми зерттеу әдістері және Академиялық хат							
1. Кәсіби дайындық жүйесіндегі контекстік оқыту технологиясы 2. Педагогтың кәсіби мәдениеті							
1. Кәсіптік оқыту педагогін даярлауда интегративті тәсілдің теориясы мен практикасы 2. Кәсіптік білім беру үдерісін гуманизациялау							
4	Кәсіпке оқытудың инноваци	1. Кәсіпке оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану 2. Кәсіптік оқыту педагогін даярлау үдерісінде цифрлық	Модуль болашақ маманның АКТ құзыреттілігі қалыптасытыруға, білім сапасын бағалау, Кәсіптік оқыту педагогін даярлау үдерісін дамытуға бағытталған. М АКТ-ның жетістіктері	<b>MON1</b> – ақпараттық технологияларды кәсіпке оқыту саласының ерекшелігіне сәйкес қолдану принциптерін жобалайды, <b>MON2</b> – ЦБР және түрлі	БДП	27	ТҚ 2,3,4,5 ОН 1,2,3,4,5

	<p>білім ресурстарын пайдалану әдістері</p> <p>1. Кәсіптік оқыту педагогін даярлау үдерісіндегі білім сапасын бағалау жүйесі</p> <p>2. Кәсіптік саладағы білім сапасын бағалаудың өлшемдік технологиялары</p> <p>1. Бизнес және кәсіпкерлік негіздері</p> <p>2. Шағын және орта бизнес негіздері</p>	<p>және оны оқу үдерісінде қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері, электронды білім беру орталары, ЦБР және олардың түрлері, түрлі қолданбалы бағдарламасының мүмкіндіктері, білім алушылардың алған білімдерін бағалаудың өлшемдік тәсілі, бақылау-бағалау әрекеттерінің жүйесі, тәжірибелері мен қазіргі ахуалы, жолдары, заманауи технологиялары қарастырады.</p>	<p>қолданбалы бағдарламасының мүмкіндіктерін зерттеу жұмыстарында қолданады;</p> <p><b>MON3</b> – білім алушылардың білім сапасын бағалаудың өлшемдік тәсілін көпшілік алдында хабарлауды ұйымдастырады.</p>			
5	<p>Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)</p>	<p>Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысының мазмұны: мамандықтың тақырыбына сәйкес болуын, өзектілігін, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығын, ғылым мен практиканың теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуін, ақпаратты және компьютерлік технологияларды пайдалана отырып деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістерін қамтиды. Ғылыми-зерттеу мазмұны (әдістемелік, теориялық, практикалық) бөлімдерден тұрады.</p>	<p><b>MON1</b> - оппоненттердің теориялық, практикалық пайымдауларын сыни талдайды, тексереді;</p> <p><b>MON2</b> – зерттеудің әр түрлі кезеңдеріндегі өзіндік бақылаулар негізінде қорытындыларды дәлелдейді;</p> <p><b>MON3</b> – ғылыми ақпаратты интерпретациялау және объективті;</p> <p><b>MON4</b> – магистранттың ғылыми-зерттеу бағалайды, талдау және педагогикалық жұмысын саралайды;</p> <p><b>MON5</b> – заманауи ғылым құралдарын меңгерген зерттеушінің эксперименталды іс-әрекетін практикада қолданады.</p>	ҒЗЖ	24	<p>ТҚ 1,2,3,4,5 ОН 1,2,3,4,5</p>

### 9.3. Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын ОН(коды)				
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5
<b>Базалық пәндер циклы</b>								
<b>Жоғары оқу орны компоненті</b>								
1	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән адамзаттың түрлі дәуіріндегі философиялық ойлардың даму үрдістерін оқытады. Ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейінгі философиялық ұғымдар мен теориялар, олардың қазіргі ғылымға әсері қарастырылады. Негізінде пәнді оқыту тарих философия және ғылым жатыр философиялық пайымдау, әлемнің ғылыми көрінісін қамтамасыз ететін тұрақты жаңарту шекараларын ғылыми таным.	4		+		+	
2	Шет тілі (кәсіби)	Курс магистранттардың мәдениетаралық, коммуникативтік және функционалдық құзыреттерін қалыптастыру арқылы ғылыми таным шекарасын кеңейтуге бағытталған; филология ғылымының жаңа бағыттарын дамыту үшін шетел тілі ресурстарымен өзіндік ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын жетілдіру және ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінде ғылыми жетістіктерді мойындау.	5			+	+	
3	Жоғары мектептің педагогикасы	Пән жоғары мектеп педагогикасының бағыттарын, зерттеу құрылымын, жалпы гносеологиялық оқу-жаттығулар жүйесін қарайды; кәсіптік-педагогикалық диалог құралдарын пайдалану арқылы педагогиканы дамытудың жаңа әдістері мен эмпирикалық базасын; онтогенез кезеңдерінде жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелерін қарастырады.	3		+			
4	Басқару психологиясы	Пән менеджмент психологиясының негізгі ұғымдарын, басқаруды психологиялық қамтамасыз етуді әлеуметтік қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырады; қазіргі заманғы психологиялық басқарудың, әлеуметтік әріптестермен ынтымақтастықтың тиімді стратегияларын таңдаудың бағыттары мен қағидаттары; педагогикалық-психологиялық білімнің ерекше заңдылықтары.	3		+		+	
<b>Базалық пәндер циклы</b>								
<b>Таңдау компоненті</b>								

5	Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері	IT-технология және пәндік білімдерді интеграциялау арқылы кәсіби педагогикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастырудың негізгі ұғымдары, кезендері, құралдары мен әдістері, ғылыми этиканың негіздері қарастырылады. Педагогикалық зерттеу жұмыстары нәтижелеріне қатысты ғылыми баяндамалар және олардың нәтижесін көпшілік алдында тиянақты хабарлау дағдылары сипатталады.	5	+		+	+	
	Тәжірибелік жинақтарды статистикалық өңдеу әдістері	Кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласында тәжірибелік жинақтарды өңдеудің ғылыми зерттеудің теориялық тәсілдері, принциптері мен логикасы, ғылыми этиканың негіздері, ғылыми зерттеудің теориялық және эксперименттік әдістері, IT-технология арқылы пәндік білімдерді интеграциялау мүмкіндіктері қарастырылады. Статистикалық деректерін өңдеу, презентациялау әдістерін меңгеру, магистрлік диссертацияға қойылатын талаптарды орындау және нәтижені көпшілік алдында тиянақты хабарлау дағдылары сипатталады.						
6	Кәсіптік мектеп оқулықтарын құрастырудың дидактикалық негіздері	Кәсіптік оқыту саласында оқулық ұлтты қалыптастыратын феномен, оқулық жасаудағы басшылық негіздері, төл оқулықтың тілімізді ғылыми тілге айналдырудағы рөлі, ұғымдарды, терминдерді қалыптастырудағы ұстанымдар мен критерийлер, оқулыққа қойылатын әдістемелік талаптар, оқулық сапасының көрсеткіштерін, мазмұнын бағалау қарастырылады. Оқулықтардың мазмұнын талдау, сараптау нәтижелерін көпшілік алдында жариялауды ұйымдастыру және одан әрі жалғастыру жолдары сипатталады.	5	+			+	+
	Кәсіби саланың элективті курстарын жобалау проблемалары	Кәсіби сала бойынша элективті пәндердің оқу мақсатын, міндеттерін, әдістерін, формасы мен мазмұнын анықтау, сабақты ұйымдастыру, дидактикалық мақсаттарды қамтитын оқу үлгілерін құрастыру тәсілдері қарастырылады. Элективті курсты жасақтауда әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойлардың негізінде өз пікірін білдіру, көпшілік алдында нақты және тиянақты жинақтап хабарлау дағдыларын қалыптастыру және одан әрі жалғастыру жолдары сипатталады.						

7	Білім алушылардың шығармашылық жобаларын ұйымдастыру әдістемесі	Заманауи шығармашылық жобаларды жасау үшін инновациялық ізденістерді ұйымдастырудың әдістемелік ұстанымдары, жобалардың түрлері, зерттеу және ақпараттық, шығармашылық, рөлдік, зияткерлік және практикалық сипаттағы жобаларды ұйымдастыру және орындау әдістемесі, жобалау-зерттеу қызметінің ерекшеліктері қарастырылады. Кәсіптік оқыту педагогін даярлауды одан әрі жалғастыру үшін білім мен түсініктің қажеттілігімен сипатталады.	5	+		+		+
	Жоғары мектепте кәсіпке оқыту әдістемесі	Оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу пәнінің мазмұны, кәсіптік оқыту педагогін даярлаудың нақты мақсаттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған оқыту, критериялды бағалаудың тиімді әдістері, ұйымдастырушылық формалары, ақпараттық оқытудың құралдары, практикада қолданудың ғылыми негіздері қарастырылады. Жоғары мектепте әдістемелік оқыту әдістерін меңгеру мақсатында кәсіптік оқыту саласын жаңартатын білімдер мен инновациялық технологиялар сипатталады.						
<b>Бейіндеуші пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті</b>								
8	Жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздері	Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасы, жоғары мектептің білім беру тұжырымдамалары, жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері, оқыту үдерісін ұйымдастырудың теориялық негіздері мен заңдылықтары, кәсіптік оқыту педагогін даярлау үдерісінің әдістемелік негіздері, ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісін технологияландыру қарастырылады. Педагогикалық бақылауды ұйымдастыруда шығармашылық білімдерді, тиянақты хабарлауды, ұғымдар мен тәсілдерді қолдану арқылы сипатталады.	6	+	+		+	
<b>Бейіндеуші пәндер циклі таңдау компоненті</b>								
9	Ғылыми зерттеу әдістері және Академиялық хат	Модуль болашақ маманның АКТ құзыреттілігі қалыптасытыруға, білім сапасын бағалауды, көркемдік білім сапасын дамытудағы рөлін, АКТ-ны дизайнерлік және визуалды оқытуда қолдану дағдыларын меңгеру арқылы ақпараттық мәдениетін көрсетуді, білім алушылардың алған білімдерін бағалаудың өлшемдік тәсілі, бақылау-бағалау әрекеттерінің жүйесін, тәжірибелері мен қазіргі ахуалы, жолдары, классикалық және	5	+		+	+	+

		заманауи өнер дизайны қарастырады.						
10	Кәсіби дайындық жүйесіндегі контекстік оқыту технологиясы	Кәсіби дайындық жүйесіндегі контекстік оқыту технологиясының теориялық негіздері, контекстік оқыту технологиясының мәні, бағыттарының мәнділік негіздемесі, білімдерді интеграциялау арқылы кәсіби жағдайларда пайдалану, контекстік оқытудың принциптері, түрлері, формалары, әдістері, оқыту технологиясының базалық санаты қарастырылады. Кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласында одан әрі оқуды жалғастыру үшін пәндік білімдерін интеграциялау арқылы кәсіби деңгейін жетілдіруді көздейді.	5	+	+			+
	Педагогтың кәсіби мәдениеті	Педагогтың тұлғалық бейнесі, кәсіби мәдениетінің құрамды бөліктері, педагогтың әдеп және педагогтық қарым-қатынас, педагогтың шеберлігі, зияткерлігі, өзін-өзі, кәсіби тұлғалық дамуын басқаруы, педагогтың әлеуметтік-психологиялық бағыттары, контекстік оқытудың принциптері, педагогикалық центрациясы қарастырылады. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде зерттеу жұмыстарын игеру және оқытуды одан әрі оқуды жалғастыру сипатталады.						
11	Кәсіптік оқыту педагогін даярлауда интегративті тәсілдің теориясы мен практикасы	Интегративті оқыту оппозицияларың әр түріндегі синтезі ретінде, олардың арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу білім беру үдерісі мен оның субъектілерінің (педагогтар мен оқушылардың) шығармашылық тұрғысында өзін-өзі дамытуы, интегративтік оқытудың теориялық негіздері және жетекші білім беру технологиялары қарастырылады. Кәсіптік жағдаяттар Кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласында одан әрі оқуды жалғастыру үшін интегративті тәсіл ретінде сипатталады.	6	+	+			+
	Кәсіптік білім беру процесін гуманизациялау	Кәсіптік оқыту педагогін даярлау жүйесіндегі оқу үдерісін гуманизациялауды ғылыми түсіну, мақсатты бағдарлар, принциптер, технологиялық негіздер және Кәсіптік оқыту педагогін даярлау жүйесіндегі оқу үдерісін гуманизациялаудың тиімділігіне қойылатын талаптар негізінде шығармашылық тұрғысында өзін-өзі дамыту қарастырылады. Кәсіптік жағдаяттар - кәсіптік оқыту педагогін даярлау саласында одан әрі оқуды жалғастыру тәсіліне баулиды						

12	Кәсіпке оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану	Кәсіптік оқыту үдерісінде АКТ-ның қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері, электронды білім беру орталары, ЦБР және олардың түрлерін оқыту үдерісінде ұтымды қолдану жолдары, түрлі қолданбалы бағдарламасының мүмкіндіктерін кәсіптік білім саласын дамытудағы, шетел тілін меңгерудегі рөлі қарастырылады. АКТ-ны кәсіпке оқытуда қолдану дағдыларын меңгеру арқылы ақпараттық мәдениетін көрсету, пәндік және пәнаралық білімдерін интеграциялау сипатталады.	6	+		+		+
	Кәсіптік оқыту педагогін даярлау үдерісінде цифрлық білім ресурстарын пайдалану әдістері	Кәсіптік оқытуда АКТ, электрондық білім беру орталары, ғылыми-шығармашылық жоба жұмыстарына қажетті түрлі қолданбалы бағдарламалар, оқытуға және кері байланыс орнатуға арналған веб-саймандар, ЦБР-ды іздеу, таңдау қолдану әдістері қарастырылады. Ғылыми - шығармашылық жұмыстарында ЦБР-ды пайдалану арқылы шетел тілін меңгеру, алға қойылған мақсатқа жету жолын көпшілік алдында нақты және тиянақты жалғастыру жолдары сипатталады.						
13	Кәсіптік оқыту педагогін даярлау үдерісіндегі білім сапасын бағалау жүйесі	Кәсіптік оқыту педагогін даярлауда білім сапасын бағалау жүйесін меңгеру, логикалық ойлауы, білім алушылардың білімін бақылау мен бағалау нәтижелерін теориялық талдау әдістері қарастырылады. Білім беру ортасы субъектілерінің ұжымдық жұмыстары, тұлғааралық қарым-қатынастарын ұйымдастыру тәсілдері, бағалауға қатысты білімін шығармашылықпен қолдану, кәсіби қызметінде туындаған проблемаларды шешу мүмкіндіктері, пәндік және пәнаралық білімдерін интеграциялау жолдары сипатталады.	5	+	+		+	+
	Кәсіптік саладағы білім сапасын бағалаудың өлшемдік технологиялары	Кәсіптік оқыту педагогін даярлауда білім сапасын бағалау жүйесін меңгеру, логикалық ойлауы, білім алушылардың білімін бақылау мен бағалау нәтижелерін теориялық талдау әдістері қарастырылады. Білім беру ортасы субъектілерінің ұжымдық жұмыстары, тұлғааралық қарым-қатынастарын ұйымдастыру тәсілдері, бағалауға қатысты білімін шығармашылықпен қолдану, кәсіби қызметінде туындаған проблемаларды шешу мүмкіндіктері, пәндік және пәнаралық білімдерін интеграциялау жолдары сипатталады.						
14	Бизнес және кәсіпкерлік негіздері	Кәсіптік салада бизнестің және кәсіпкерліктің жалпы теориялық негіздері, анықтамалар мен терминдер, кәсіпкерлік мотивтері, әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары, инновациялық кәсіпкерлік, шағын кәсіпкерліктің жұмысын критералды бағалау, кәсіпкерліктің	6	+	+			+

		жағдайларын талдау, мемлекеттік қолдау, Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес көрсеткіштері қарастырылады. Жаңа идеялармен сипатталатын бизнес пен кәсіпкерліктің негіздері, әрі қарай оқуды дербес жалғастыруға жаңа серпін береді .						
	Шағын және орта бизнес негіздері	Кәсіптік салада шағын және орта бизнестің негізгі проблемалары, дамуы, мемлекеттің негізгі буыны, экономикалық өсу жағдайлары, деңгейі, құқықтық қолдау, жалпы ішкі өнім, материалдық және материалдық емес ресурстар, мораторий, ерікті сақтандыру, нарық конъюнктурасы, бәсекелестік, критералды бағалау қарастырылады. Жаңа идеялармен сипатталатын бизнес пен кәсіпкерліктің негіздері, әрі қарай оқуды дербес жалғастыруға жаңа серпін береді.						
15	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Кәсіптік оқыту педагогін даярлау аясындағы МҒЗЖ мазмұны, ғылым мен практиканың теориялық, әдіснамалық, технологиялық жетістіктеріне, ғылыми танымның шекарасын жаңартуға, кеңейтуге, кәсіби-педагогикалық зерттеулерін түсінуге, кәсіби жағдайларда тілдік, ақпараттық білімнің ғылым салаларында кең контексте интеграциялау, өзінің зерттеу қызметінің нәтижелері туралы көпшілікке хабарлау үшін қажетті коммуникативтік сауаттылықты меңгеруге, пәндік, пәнаралық білімдерін интеграциялауға бағытталған.	24	+	+	+	+	+